

## Жанкісі батыр және ұрпақтары

Жанкісі Қаратайұлы - батыр, би әрі ақын болған. Тегі – Сары Қыпшақ. Жанкісі батыр 18 ғасырдың аяғы мекен 19 ғасырдың басында қазіргі Қызылорда облысының Шиелі, Сырдария аудандарында өмір сүрген.

Батырдың бейіті белгісіз.

Халыққа қадірлі, беделді адам болған. Ол Сыр бойындағы Сары қыпшақтарға және олармен көршілес қыпшақ руларына да басшылық еткен. Жанкісі Қоқан ханының халыққа жүргізген озбырлық саясатына қарсы шығып, халықты бастап әділдік үшін күресті. Көтерілістің ұйымдастырушысы, көсемі болады.

Жанкісі батыр атақты Жұмық бидің шөбересі болып келеді.

Жұмық би аумалы-төкпелі заманда (шамасы XVIII ғасырдың бас кезі) Арқа жеріндегі қонысын тастап, әуелі Сыр бойына келіп қоныс тепкен. Өмірінің кейінгі кезеңінде, ол сол кездегі Хиуа хандығының қол астында болған Амудария бойындағы Үргеніш жерін бұрыннан қоныстанған аударып барған Сары қыпшақтарға барып қосылады да, сол өңірді мекендейді. Жұмық би өз кезінде Сыр бойындағы Сары қыпшақ туыстарымен үнемі қатынас жасап тұрған. Сыр бойындағы Бошай қыпшақтармен құда-жекжаттық қатынаста болған. Жұмық би өзінің болымды, әрі есті болып өскен Баршагүл атты қызын Сыр бойындағы Бошай қыпшақтың ауқатты байы Қуатбайға ұзатады. Қуатбайдан Торғай би туады. Сары қыпшақтың жиені Торғай өз заманында озық ойлы, парасат-пайымы мол, аузы дуалы, ел арасында бедел иесі болған адам. Қоқан хандығының үстемдігі кезінде халқына қалаулы Торғай «датқа» деген құрметті атақты иеленген. Торғай датқадан Шоқай би дүниеге келеді, одан атақты Түркі әлемінің көсемі Мұстафа Шоқай дүниеге келеді.

Жанкісі батыр «Қоқан ханына айтқаны» атты өленінде:

«Ассалаумағалейкум,

Алдияр, тақсыр ханымыз!

Алдыңа келді қарашың

Арызды қабыл алыңыз.

Өтірік болса арызым,

Мінеки, сізге жанымыз», - деп айтқан екен.

Жанкісі бидің «Қоқан ханына айтқаны» алғаш 1875 жылы «Орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесінің жазбаларында» (Записки Оренбургского Российского Географического Общества 1875 г. Выпуск III) жарияланған. «Ертедегі әдебиет нұсқаларында» басылды.

Ел ауызында Жанкісінің қоқандықтар қолынан өлгені және өлім арты күн даулаған үлкен толқынысқа ұласқаны туралы дерек сақталған.

Жанкісі бидің Жақсылық, Сенгібай деген балалары болады. Жақсылықтан – Дұрман, Қаражан, Үсен өсіп өнген. Қазір Жанкісі ұрпақтарынан тарап өскен жандар Сыр бойы Сары қыпшақтарының басым көпшілігін құрап отыр.

**Бақытжан Ахметбек, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері**

### Әдебиеттер

1. Бақытжан Ахметбектің дерек қорынан, Сары қыпшақтардың шежіре кітабынан дерек берген, Қорқыт ата атындағы ҚМУ –ң т.ғ.к Сағат Тайманов;
2. М. Байділдаев. М.Мағауин. Бес ғасыр жырлайды. Пт. – Алматы: Жазушы, 1989.